



Тәттігүл КАРТАЕВА,
этнограф

Құдық қабырғасын сексеуілмен шегендеу Қызылорда облысының Қызылқұм құмдарында, өзбекстандық Қызылқұмдағы қазақ ауылдарында, Қармақшы ауданының Өзбекстанмен шекара бөлігінде, Бетпақдалада, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Сары Есік Атырау құмдарында кездеседі. Шегенге салатын ақ сексеуіл құрғақ борпылдақ немесе біршама тарталған құмды жерлерде өседі. Қабырғасы ашық, кейде тіпті ақсары, кейде сары түсті, күзде ақшыл-сұр, желегі селдір, ашық-жасыл түсті, жінішке, әрі суы емес, ессесіне қатты өркендері болады. Сөлі ашық-тұзды келеді. Құдық шегені үшін сексеуілді күздің соңында қураған уақытында түбімен сындырып, томарымен бірге құмның үстіне тастайды. Қыстай қар жауып, суық қарып, көктемде үстінен жаңбыр жауып, сексеуілдің ашы сөлі шығады. Сындырған кезіндегі көк, сары, яғни *сары жігер* сексеуілдің сөлі шыққанда қабығы қарайып *қара жігер* болады. Сөлі толық шықпаған сексеуіл *сары жігер* болып қала береді. Сары жігер шыбықты құдық қабырғасына салса, ұлы газы құдық ішінде бөлініп, адам өміріне қауіп төндірелі. Ал қар, жаңбыр аз жауып, су аз тиіп, суық қарып, күнге күйген күйі қалса – ақ болып тұрады. Мұндай бұтақтарды да *ақ сексеуіл* деп атай береді. Қураған ақ сексеуілдің дәмі құдық суының тұщылығына зиян келтірмейді. Құдық шегені үшін сексеуілдің биік, дарақ, білеудей болып өскенін сындырады. Халық арасында мұндай сексеуілді *еркек сексеуіл* деп айтады, ал тырбинып, тарамдалып өскенін *қатып сексеуіл* дейді. Халық танымында еркек сексеуілдің томары, бұтақтары тығыз, қызуы қатты, ал қатып сексеуілдің бұтақтарының іші қуыс, сығыш, қызуы әлсіздеу, шеген сағаны ретінде де әлсіздеу келеді.

Сексеуіл шегені үшін қатты жуан емес, жінішкеулеу томарлары таңдалып алынып, шыбықтарын (*бұтақтарын*) 70-80 см. етіп сындырады. Сексеуіл шыбығы жұмыр болғандықтан 8 қырлы етіп шегендеген түрлері жиі кездеседі.

Қызылқұм мен Бетпақдалада сексеуіл шегендердің дәстүрлі өлшеммен 15-20 құлаш немесе 45 қадамға дейін терең түрлері



Сегіз қырлы етіп қаланған ақ сексеуіл шегені. Қызылорда, Қармақшы, Қызылқұм.

кездесіп, бір-бірінен ара қашықтығы 15-20 шақырымды құраған.

1912 жылы зерттеуші В.Пелья Қызылқұм қалыңтарының елді мекендерінен жалпы саны 631 сексеуіл құдықты есепке алып, картаға енгізген. Сексеуіл шеген қазу да ұжымдық жұмысты талап еткен. Ертеде Қызылқұмда екі қазақ жігіт құдық қазуға кетіп, бірі көншелекпен тереңдеп түседі де, екіншісі сыртта қалып, арқан жібін түсіруді реттеп тұрғанда ол да салмақпен ішіне түсіп кетеді. Ауыл адамдары екеуі оралмағасын іздеп шығады. Сонда құдық түбінде қалған екеуін көзін байлап шығарып, біраз уақыт қаранғы жерде ұстаған екен. Құдық түбіндегі салқын, қаранғы жерден ыстық әрі жарық жерге шыққанда кері әсер етіп, адамның көзі көр соқыр болып қалуы мүмкін. Сол себепті осындай халықтық қорғаныстық ем жасаған. Осындай оқиға қайталанбақ үшін құдық қазуға 4-5 адам болып кіріскен.

Топырақ жұмсақ, борпылдақ болып, әрі суы таяздан шықса, құдық диаметрі кен алты қанат үйдің көлеміндей етіп алынады да, құдық іші түбіне қарай тарылады. Ернеуін кен етіп алмаса, топырақ ішке жалысып, құмды суықлап, құдық түбін өздігінен көміп тастайды. Мұндай құдықтар аралық еспе құдықтан әлсізмен қазылады. Құдық түбінен су шыққанда, шамамен 1,50-1,70 м. болатындай шілдір тәрізді ұңғы қазып, қабырғасын сексеуілмен шегендеп отырғызады. Құдық қабырғасындағы топырақ түбіне сусып түспес үшін екі рет белдеулік сексеуіл шеген орнатады. Түбімен қоса алғанда үш деңгейлі шеген деуге болады. Ернеуі кен, түбіне қарай тарылған сексеуіл шегендер Сырдың құмдарында кездеседі.



Ернеуі кен, түбіне қарай тарылған, ішкі қабырға шегені сексеуіл, қоршауы жыныс және сексеуіл шыбықтарымен көтерілген құдық. Сырдария, Нұртуған құдығы.

Қыш шеген немесе қыш құдық

Қыш құдықтардың орны ерте ортағасырлық қалалардан табылып жататыны тарихтан белгілі. Яғни қыш құдық қалалық өркеніеттің бір айғағы десек, артық болмас. Құдық қабырғасын өруге дайындалған қыш кесектер арнайы неште қатты күйдіріледі. Қатты күйдірілген қыш суда ерімейді. Қыш құдықтың барлық түрі шілдір пішімінде қазылып, су көзіне қыш арасынан саңылау шөл қалдырылып өріп отырған. Қыш шеген



Қазалы қыш құдықтарының қабырға шегені.

СЕКСЕУІЛ

топырағы қатқыл жерден қазылып, қыш жергілікті құм, саздан күйдіріліп құдыққа салынады. Сырдың орта және төменгі агысы бойыншағы қалаларда саспалған қыш құдықтар қышты құдық қабырғасына қазу технологиясын айғақтауға мүмкіндік береді. Қазалыда сақталған XIX ғасырға саятқан қыш құдықтарының суы өңіп тұр, әлі күнге қолданыста. Қазалы қыш құдықтардың тереңдігі – 7-9 м-ге, ішкі диаметрі – 0,80-2 м-ге дейін жетеді. Қыш саз, құмнан күйдірілгендіктен судың тұщы дәміне еш әсер етпейді. Құдық қабырғасына қышты қалау, тек құдықшылық кәсібімен ғана емес, құрылыс ісі мен сәулеттік өнердің қыр-сырымен де тығыз байланысты.

Республикалық маңызы бар ескерткіштер санатына кіретін 1878 жылы негізі қаланған Қызылорда қаласындағы Айтбай мешітінің Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері – Ысақ пен Камал тұрғызған. Мешіт қабырғасы көтерілмей тұрып, алдымен құдығы қазылған. Құдық мешіттен бұрын қазылып, құдық суымен құрылыс тұрғызылған, құрылысшыларды сумен қамтамасыз еткен. Қасиетті мекеннің ішіндегі құдықтың ерекшелігі жайында «Айтбай» мешітінің имамдары: «Басқа қалалармен салыстырғанда Қызылорданың ауа-райы жазда өте ыстық, құрғақ екені белгілі. 1878 жылдан бері келе жатқан мешітке салқындық қыш құрал болмаған. Қанша ыстық болса да, имандылық үйінің ішкі ауасын бірқалыпты ұстап тұруына мешіт құдығының болуы әсер еткен. Құдық суы ауаны тазартады», – дейді.

1980 жылы құдықтың жоғарғы қабырғасына, жоғарғы 2 м. деңгейіне дейін қайта жөндеу жүргізіліп, өз кірпіші орнына жаңа кірпіш қаланған. Өзінің күйдірілген қызыл кірпіші төменгі 2,5 м. деңгейінде, яғни су сақталған бөлігінде қалған. Құдықтың жанадан қаланған жоғары бөлігі өз диаметрінен 15 диаметрге кішірейген, әрі жаңа кірпіш шегені сирек етіп қаланған. Қайта жөндеуге дейін мешітке ғибадатқа келген адамдар құдық суын ішіп, дұға тілеп діни еңбектер жасаған. Қазіргі таңда осы қыш құдық сақталғанымен, ішінде суы өңіп тұрса да, қолданыстан шыққан, қақпағы жабылып, үстіне жайнамаздық кілем төселген.

Қышты киюластырып қана емес, бірнеше ғасырға қызмет ететіндей күйдіріп, өріп шығару – халықтық білімнің нәтижесі.



Ақ сексеуіл шегені

ҚҰДЫҚ КӨРСЕҢ, ШЕГЕНДЕ



Айтбай мешітінің қиы құдығы. Реставрациядан кейінгі. Қызылорда қаласы

ШЕГЕНІ

1878 жылы Қызылорда қаласынан «Құдай анасының қасиетті иконасына арналған қасиетті Қазан соборы» шіркеуін салу үшін де алдымен құдық қазып су шығарып, қабырғасын қышпен өрген, құдық суымен шіркеу құрылысын тұрмызған. Кейін бұл қиы құдықты көміп тастаған.

Ортағасырлық қиы құдықтар құрылысында құдық түбін тазалау үшін түсетін адам аяғын салатын текпішектер қоса өру тән болған. Әдетте текпішектер, адам аяғын тірей алатындай етіп, диаметрі 1,20-1,5 м. болып келетін құдық қабырғасына, көлденең қиы қабатының арасынан бір қиыты тігінен салып керу арқылы өрілген. Текпішекті құдықтар ортағасырлық өркениеті дамыған Орта Азия және Шығыс мемлекеттерінде көп кездескен. «Бабырнама» жылнамасында Кабул қаласында осындай текпішекті құдық құрылымын сипаттай отырып, жергілікті тілде «ваин» деп аталатынын жазған.

Құдықты қиымен шегендеу Бұқара қазақтарының арасында да тараған. Бұқара қазақтарының қиы шегенді қолдануы жергілікті өркениетпен, жергілікті сәулеттік өнерде қиы мәдениетінің дамуымен

байланысты.

Сырдария аңғарындағы цилиндр пішіміндегі қиы шегеннің ерекше, көне әрі терең қаланған үлгісі – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Арыстан баб кесенесінің құдығы. Осы кесенелерден бұрын құдық қазылып, құдық суы кесенені көтеруге, сәулетші-құрылысшыларды сумен қамтамасыз етуге қызмет еткен. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бір құдығы қайта қалпына келтіріліп, бүгінде ол «Құдықхана» деп аталған музей экспозициясын құрайды.



Арыстан Баб құдығының ішкі қиы шегені

Дәстүрлі қиы құдықтардың қақпағы ағаштан жасалған. Ағаш құдық ішіндегі таза ауа айналымын қамтамасыз еткен.



Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қиы құдығының тас ернеуі және ішкі қиы шегені

Жексен Құдайберген 1992 жылы дүниеге келген. Оның әр туындысынан ұлттық бояу мен тамаша табиғаттың иісі аңқып тұрады. «Менің басты мақсатым – Қазақ мәдениетін қысқалам арқылы дүниенің түкпір-түкпіріне жеткізу. Мен ауылда өскен ұрпақпын. Туған жерім Жетісудың шұрайлы даласы, арысын айтсақ, ежелден ата-бабаларымызға қасиетті мекен болған жер. Осы мекенде ежелгі жартас суреттері көптеп кездеседі. Соның әсері болар, бала кезімнен сурет салуға әуестендім. Қиялымнан шыққан туындыларымның бағыты – реализмді ұлттық құндылықпен ұштастыру, оның ішінде иісі аңқыған сақара мәдениетінің көрінісін салу. Менің ойымша, біздің тұрмыс-тіршілігіміздің өзі үлкен көркемөнер ғой», – дейді ол бір сөзінде.

«Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс» демекші, біз жас суретшінің жуықта салған туындыларын ақырманға ұсынып отырмыз.

